

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№13				
<i>Күндері</i>	22 - 26.11.2021				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Алақай, қыс келді!				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; балаларда жағымды көңіл-күй тудыратын, қарым-қатынасқа түсіретін ойындар ойнату; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен сөйлесу, кеңес беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалар белгіленген рет бойынша бір ізді киіну, шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін салу, киімдерін іліп немесе ұқыпты бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру т.б., іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Туыңды тап" дидактикалық ойыны. Педагог: – Балалар, қазір біз "Туыңды тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. – Ойынның шартын айтайын. Тақтадан көптеген мемлекеттің тулары көрсетіледі. Сендер еліміздің туын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің туы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға жалауша бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.	"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету) Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату) Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау) Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау) Мамықтай жерге түсіп, (алақандарымен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру) Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге салу)	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауға үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі.	Санамақтар айтқызу. "Жеті ұл" Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі - Дүйсенбі, Екіншісі - Сейсенбі, Үшіншісі - Сәрсенбі, Төртіншісі - Бейсенбі, Жұма деген - Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі - Жексенбі.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Ал, балалар, тұрайы! Алақанды ұрайық, Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық Белімізді жазайық. Оңға - оңға түзу тұр Солға - солға түзу тұр Жоғары - төмен қарайық Қолымызды созайық				

	Бойымызға күш жинап Бір шынығып алайық.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жууға, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын: орындыққа сүйенбей, шынтакты жаймай отыруларын қатаң қадағалау, ескерту жасау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне дәмді ас тілеу; тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	"Аққала жасайық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: зейінді, кеңістікті бейнелеуді дамыту; сөйлеуді жетілдіру. Барысы: әр баланың алдында әртүрлі көлемдегі 3 шеңбер таратылады. (үлкен, орта және кіші). Балалар олардан үлгі немесе өз ойлары бойынша аққала жасайды. Олар қандай бөлшектердің жетіспейтінін айтады және сипаттайды.	"Керісінше" дидактикалық ойыны. Мақсаты: танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог логика жағынан дұрыс емес сөйлемді айтады, балалар сөйлемнің дұрыс немесе бұрыстығын табады. Мысалы, қардың түсі кара (жоқ, ақ), аққала ыстық (жоқ, суық), аю орманда жүр (жоқ, апанда ұйықтайды).	"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын менде, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін!	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауға үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Қыс келді атты суретпен танысу". Мақсаты. Балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету. <i>Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?".</i> Сурет салу "Шыршалар қарға киінді". Мақсаты. Балаларды жасыл борша арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы.</i> <i>"Ақшақарлар қалықтап".</i> Дене шынықтыру "Ұйқыдағы аю". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін дамыту. <i>"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Қыс қызығы". Мақсаты. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету. <i>"Аю" ойыны.</i> Математика негіздері "Данаға бөкебайды дайындап берейік". Мақсаты. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы және биіктігі бойынша тұтастырып, салыстыруға үйрету; заттардың биіктігінің немесе ұзындығының қасиеттеріне сүйеніп, белгілі түспен сәйкестендіруге, солдан оңға қарай тізуге жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтқызып үйрету;	Көркем әдебиет "Қысқы баспана" ертегісі. Мақсаты. Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік бере отырып, балаларды жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Қай топ алғыр?".</i> Дене шынықтыру "Қорбаңдаған аю". Мақсаты. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру дағдыларын дамыту; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. <i>"Қорбаңдаған аю" қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент. <i>Қатынас</i> <i>Ертегі әлемінде</i> Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.	Құрастыру "Шана". Мақсаты. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> Музыка "Қысты сағындық". Мақсаты. Балалардың орыс әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білуге үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу	Жаратылыстану "Қаладағы қыс". Мақсаты. Қыс туралы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын жетілдіру; құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту. <i>«Ол не?» дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Бағытты өзгертіп жүгіреміз". Мақсаты. Балаларда сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін пысықтау. <i>"Белгіні тыңда" қимылды ойыны.</i>
---	--	---	---	---	---

		зейінді, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. <i>Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы.</i> <i>"Ұзын және қысқа бөкебай".</i>	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, ондағы кейіпкерлерді жаңа техника бойынша қабылдауға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыра отырып, іскерлік дағдыларын дамыту. Әдептілікке, өзара жолдастық көмек көрсетуге тәрбиелеу.	қызметінде белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. <i>"Қысқы саңырауқұлақтар" ойыны.</i>	
Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Көкшымшықты бақылау. Мақсаты: құстарға қызығушылық тудыруды жалғастыру; көкшымшықтың тіршілік ету ортасымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қардан тазарту). Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Құстар мен мысық". Мақсаты: физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша тез әрекет ету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.	Ауа райын бақылау. Мақсаты: маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы қарды тазарту). Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жоғары?", "Мені тап". Мақсаты: ережелерді қатаң сақтай отырып, оңай секіруді, ойнауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Ұлпа қарлар".	Көліктерді бақылау. Мақсаты: жер үсті көліктері туралы білімдерін кеңейту (олардың жіктелуі, мақсаты). Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардан, орындықтардан қарды тазарту.) Мақсаты: аумақты қардан тазартуға ересектерге көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен бұғылар" Мақсаты:	Ауа райын бақылау. Мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктерін анықтау және атау. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (төбешіктерді және жолдарды қардан тазалау) Мақсаты: сыпырғышты дұрыс қолдана білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз", "Біз көңілді балалармыз". Мақсаты: ойында мәтінді анық айтуға үйрету; ойын ережелерін сақтау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Секіргіштер" Мақсаты: алға секіруді үйрету.	Қайың мен шетенді бақылау. Мақсаты: өсімдіктердің қысқы тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құрылысқа қар жинау.) Мақсаты: тапсырманы бірлескен күш-жігермен жүзеге асыра отырып, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді құлат". Мақсаты: қимылдарды үйлестіруге, лақтыру қабілеттерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,

	Мақсаты: 2-3 м қашықтықта алдыға қарай екі аяқпен секіруге жаттықтыру.	Мақсаты: бірқалыпты қозғалуды үйрету.	қозғалыстарды бір-бірімен үйлестіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, нысанаға лақтыру, лақтыру кезінде бастапқы позицияны дұрыс қабылдау қабілетін бекіту.		жақсы итеру және жұмсақ қону дағдыларын бекіту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтенкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу;				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп, аяқты кезекпен сермеу. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	Саусақ жаттығуын орындау. "Жыл мезгілдері" Мұз да, қар да ерісе, Өлең айтар өзендер. (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды) Ұйқы қашса қонжықтан, Көктем келді дерсің сен, (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды) Қызса қатты күн көзі, Қарлығаштар самғаса, (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды) Ыстық аптап, құрғақшылық, Жаз келгенін білдірер, (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды) Шатырда жаңбыр ойнаса, Бірде қатты, бірде жай (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды) Жер жапырақты жамылып, Күз келгенін білдірер. (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды) Боран борап, жел тұрса, Айналаны қар басса, Үйлер ақ көрпеге оранса, Келді дей бер қыс ортаға. (спираль тәрізді қимылдарды маңдай ортасынан құлақтың	"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, маймандап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі.	"Үйсіз қоян" қимылды ойын. Мақсаты: дыбыстық белгіге реакция жылдамдығын арттыру, балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету. Барысы: ойыншылар арасынан аңшы мен үйсіз қоян таңдалады. Қалған балалар - қояндар болып, өздері үшін шеңбер жасайды (үйлері). "Үйсіз қоян" қашып кетеді, ал "аңшы" оны қуып жетеді. "Қоян" кез-келген шеңберге жүгіру арқылы "аңшыдан" құтыла алады; онда шеңберге ағылған "қоян" тез арада қашып кетуі керек, өйткені қазір ол үйсіз қалады, ал "аңшы" оны ұстап алады. "Аңшы" қоянды ұстаған бойда өзі "қоянға", ал "қоян" "аңшыға" айналады.	"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны. Мақсаты: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту. Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда, әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қол тигізуге тырысады.	Драматизация. "Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын қолдану арқылы сахналау.
--	--	--	---	---	---

	жоғарғы ұшына дейін орындайды)				
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.

			реттілікпен киюін қадағалау.		
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Жасырынбақ" (3-4 рет ойнатылады). Мақсаты: балалардың кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру. Барысы: педагог жүргізуші баланы таңдайды. Жүргізуші бала артқа бұрылып, көзін қолдарымен жұмады. Қалған ойыншылар жасырынады. Жүргізуші " бір, екі, үш ... " деп санай бастайды. Жүргізуші жасырынған балаларды табады. Бір баланы таңдап, оның есімін айту керек. Қашан жүргізуші бес баланы тапқан кезде, педагог бүкіл топті жинайды, жүргізуші рөліне басқа баланы тағайындайды.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау. Мақсаты. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл". Кәмпитті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па?	"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Мақсаты. Бала тілін дамыту. "Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.	"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау. Мақсаты. Бала тілін дамыту. Тақпақты қайталау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл" Кәмпитті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па?	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсаты. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	"Қыста" тақпағын жаттатқызу. Мақсаты. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Қыста" (Оразбай Байбақов). Ойшыл орман сілкінді, Жібергенде жел ырғап. Мұз астында бұлқынды, Күміс өзен сылдырлап. Ғайып болды түнгі ызғар, Ай да батты ақ маңдай. Күн көзінен жұлдыздар Балқып бара жатқандай.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес. "Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары".	Жаднама. "Балаңызбен қысқы серуенді қалай жағымды және пайдалы етуге болады".	Ата-аналарға кеңес. "Ойын әрекеттері арқылы балаларды әлеуметтендіру".	"Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.